

**2016 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының аумағында тұратын, халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың нысаналы топтарын анықтау және қосымша тізімін белгілеу туралы**

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 395 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 29 желтоқсанда N 3524 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 4 мамырдағы N 107 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 04.05.2016 N 107 қаулысымен (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабының 2-тармағына, 7-бабының 2) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының әкімдігі

### **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2016 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтары анықталсын:

- 1) табысы аз адамдар;
- 2) жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;
- 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма тоғыз жасқа дейінгі балалар;
- 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыздікті, көп балалы ата-аналар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;
- 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);
- 7) мүгедектер;
- 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;
- 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар;
- 10) оралмандар;
- 11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын

бітірушілер;

12) жұмыс беруші-заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші-жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар;

13) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар жатады;

14) **терроризм актісінен жәбірленуші адамдар және оның жолын кесуге қатысқан адамдар кіреді.**

2. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының аумағында халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізімі белгіленсін :

1) елу жастан асқан жұмыссыз тұлғалар;

2) он екі ай және одан артық жұмыс істемеген тұлғалар;

3) Семей сынақ ядролық полигонында жүргізілген сынақтардың нәтижесінде зардап шеккен тұлғалар, Чернобыль атомдық электр стансасындағы аппаратты жоюға қатысқандар;

4) отбасында жұмыс істейтіндер жоқ тұлғалар.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің орынбасары Г. Ш. Рамазановаға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 1 қаңтарда пайда болған қатынастарға таралады.

*Солтүстік Қазақстан облысы  
Мағжан Жұмабаев  
ауданының әкімі*

*А. Бегманов*